

8D01401 «Музыкалық білім»/ 8D01402 «Музыкалық орындаушылық және педагогика»
білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
ұсынылған
КУЛДАНОВ НАУРЫЗ ТАЛГАТОВИЧТІҢ
«Вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының
креативтілігін дамыту»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШІКІРІ

р/ н №	Критерийлер	Критерийлердің сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы мазмұндық және мақсаттық тұрғыдан еліміздегі ғылымды дамытудың басым бағыттарына, сондай-ақ мемлекеттік стратегиялық бағдарламалар мен тұжырымдамаларға сәйкес келеді. Қазіргі кезеңде жоғары білім беру жүйесінде білім алушылардың шығармашылық әлеуетін кешенді түрде дамыту мәселесі айрықша маңызға ие болып отыр. Осыған орай, Н.Т. Кулдановтың зерттеуі музыкалық-педагогикалық білім мен біліктілікті, кәсіби дағдыларды жүйелі меңгеру ғана емес, сонымен бірге маманның кәсіби қызметінде өзін шығармашылық тұрғыдан жүзеге асыруына мүмкіндік беретін қабілеттерді және тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру қажеттілігін айқындайды. Аталған үдеріс білім алушының кәсіби-маңызды сапасымен тығыз байланысты, ал бұл қасиеттер өз кезегінде креативтіліктің құрылымдық компоненттерінің бірі болып табылады. Сондықтан болашақ педагог мамандардың шығармашылық әлеуетін дамыту мәселесі бүгінде мемлекеттік деңгейдегі стратегиялық міндеттердің қатарына енгізілген. Осы тұрғыда Н.Т. Кулдановтың зерттеуі аталған міндеттерді іске асырудың ғылыми-теориялық және әдістемелік негіздерін терең талдайды. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында әрбір білім алушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың шығармашылық қабілеттерін

			ашуға және дамытуға жағдай жасау талабы айқын көрініс тапқан. Бұл қағида болашақ педагогтерді даярлау барысында студенттердің креативтік мүмкіндіктерін жетілдіруге ерекше назар аударуды міндеттейді. Н.Т. Кулдановтың зерттеуінде бұл талаптың музыкалық білім беру саласында жүзеге асу тетіктері мен тиімді жолдары ғылыми тұрғыдан негізделеді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында белгіленген «Университеттің үшінші миссиясы» аясында студенттердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту, өзін-өзі ұйымдастыру, әлеуметтік жауапкершілік сезімін қалыптастыру және шығармашылық қабілеттерін іске асыру үшін қолайлы орта құру көзделгенін қарастыратын болсақ, бұл бағыт, әсіресе, болашақ музыкалық білім беру саласы мамандарының кәсіби даярлығында маңызды рөл атқарады, өйткені олардың креативтік қабілеттерін дамыту, мәдени және рухани тұрғыда өрлеудің негізі болып табылады. Н.Т. Кулдановтың зерттеуі осы миссияның мазмұндық қырларын педагогикалық практикамен ұштастырады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021-2025 жылдарға арналған «Креативті индустрияларды дамыту тұжырымдамасында» да креативтік әлеуетке ие, білімін тәжірибеде тиімді қолдана алатын, жаңа форматтағы мамандарды даярлап, «креативті сыныпты» қалыптастыру қажеттігі атап өтілгенін ескеретін болсақ, бұл тұжырымдамалық бағдар білім беру жүйесі алдына дәстүрлі үлгіден икемді, шығармашылық қағидаттарға негізделген жаңа модельге көшу міндетін қояды. Осы тұрғыда Н.Т. Кулдановтың зерттеуі болашақ педагогтердің кәсіби тұрғыдан шығармашылықпен жетілуіне ықпал ететін ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеуді мақсат етеді. Демек, бүгінгі
--	--	--	---

			таңда білім беру үдерісінің басты мақсаты – жеке тұлғаның шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын дамыту, ұлттық зияткерлік әлеуетті арттыру, әрі болашақ педагогтердің кәсіби тұрғыдан шығармашылықпен жетілуіне жағдай жасау болып табылуда. Осы тұрғыдан алғанда, Н.Т. Кулдановтың зерттеу тақырыбы 8D01401 «Музыкалық білім»/8D01402 «Музыкалық орындаушылық және педагогика» білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылып, қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени және ғылыми-педагогикалық талаптарға сай келеді және білім мен ғылымды дамытудағы мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланысты жұмыс болып табылып өзектілігімен ерекшеленеді және Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарының бірі – «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға <u>елеулі үлесін қосады</u>/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u>/ашылмаған.	Диссертанттың зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми-тәжірибелік нәтижелері педагогика ғылымының, соның ішінде болашақ музыкалық білім бакалаврларын кәсіби даярлау мәселесінің теориясы мен практикасына елеулі үлесін қосады. <i>Біріншіден</i>, зерттеу жұмысы вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытуға арналған теориялық негіздерді айқындау арқылы ғылымға өзіндік үлес қосады. Автор креативтілік феноменінің концептуалдық іргетасын және оның салааралық контексте (философия, психология, физиология, педагогика және т.б.) көрініс табуын жан-жақты талдай отырып, «креативтілікті» синергетикалық тұрғыда әртүрлі ғылым салаларының тоғысқан кешенді үдерісі ретінде қарастырады. Теориялық ізденістер негізінде ұғымдық-категориялық аппарат түзілген, креативтіліктің құрамдас

			бөліктерін айқындайтын негізгі категориялар нақтыланған. <i>Екіншіден</i>, диссертант болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін педагогикалық проблема ретінде зерделей отырып, «әншілік креативтілік», «болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігі» және «вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту» ұғымдарының мәнін терең талдап, оларды ғылыми тұрғыда нақтылайды. Бұл талдаулар негізінде маңызды теориялық тұжырымдар жасалған. <i>Үшіншіден</i>, зерттеу вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудың әдіснамалық негіздерін айқындаумен ерекшеленеді. Мұнда әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар жүйеленіп, жетекші идеялар айқындалған және оларды жүзеге асырудың ғылыми-педагогикалық шарттары ұсынылған. <i>Төртіншіден</i>, жұмыстың маңызды ғылыми нәтижесі – вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы. Модельде креативтілікті дамытудың компоненттері, олардың өзара динамикалық байланыстағы өлшемдері мен көрсеткіштері, кезеңдері мен деңгейлері және күтілетін нәтижелері ғылыми негізделіп ұсынылған. <i>Бесіншіден</i>, зерттеудің практикалық маңызы – вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытуға арналған әдістemenің жасалуында. Әдістemenің негізін құрайтын педагогикалық шарттар айқындалған, осы негізде «Вокал және әншілік креативтілік» атты элективті курс бағдарламасы әзірленген. Бағдарламаның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында дәлелденіп, ғылыми-әдістемелік
--	--	--	--

			ұсыныстар ұсынылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық еңбек автордың дербес ғылыми ізденісі мен кәсіби шеберлігін айқын көрсететін, түсінікті әрі сауатты ғылыми тілде жазылған зерттеу. Жұмыстың мазмұны анық, баяндау жүйесі бірізді және ғылыми жазу деңгейі жоғары. Зерттеуші теориялық қағидаларды қалыптастыруда тақырыпқа қатысты ғылыми еңбектерді терең зерделеп, олардың мазмұнын толыққанды талдаған, соның негізінде өз ой-пікірін дәлелді түрде түйіндей білген. Зерттеу аясында негізгі ұғымдар мазмұны жаңаша пайымдалып, авторлық анықтамалармен толықтырылған. Бұл анықтамалар зерттеудің ғылыми аппаратын жүйелеуге және мазмұндық мәнін айқындауға қызмет еткен. Диссертация құрылымдық тұрғыдан тұтас, мазмұны толыққанды, әдіснамалық және теориялық қисындылығы сақталған еңбек болып табылады. Диссертанттың материалды өңдеу, ғылыми деректерді талдау және жүйелеу шеберлігі жоғары деңгейде орындалған. Қарастырылған барлық деректер дербес зерттеліп, ғылыми тұрғыда негізделіп, мазмұны түсінікті әрі дәйекті түрде ұсынылған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Зерттеу жұмысының өзектілігі нақты және дәлелді түрде негізделген. Диссертант мемлекеттік бағдарламалар мен нормативтік құжаттарды, философиялық, психологиялық-педагогикалық, музыкалық-педагогикалық, мәдениеттану, когнитивистика, нейробиология, өнертану салаларындағы ғылыми еңбектерді және білім беру практикасын жан-жақты талдаудан өткізген. Мұндай кешенді сараптама нәтижесінде, вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту қажеттілігі анықталып, осы бағыттағы ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуде орын алып отырған бірқатар қарама-қайшылықтар айқындалған. Атап айтқанда, болашақ музыкалық білім

		бакалаврларының креативтілігін кәсіби маңызды сапа ретінде танудың маңыздылығы мен оны вокалды оқыту үдерісінде дамытудың ғылыми негіздерінің жеткілікті деңгейде зерттелмеуі мен креативтілікті дамытуға бағытталған теория мен практикаға деген сұраныстың артуы және жоғары оқу орындарында педагог мамандарды даярлау барысында бұл үдерісті жүзеге асырудың әдістемелік жолдарының толық айқындалмауы. Аталған қарама-қайшылықтар зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындап қана қоймай, оның ғылыми бағытын да белгілеп, вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін және әдістемесін жасауымен негізделген.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды . Зерттеу мазмұны тақырыптың ғылыми мәнін толық ашады және қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш негізгі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады. Диссертация мазмұны зерттеу болжамын жүзеге асыруға бағытталған және тақырыптың барлық қырларын қамтиды. Зерттеу үдерісінің теориялық, әдіснамалық және тәжірибелік компоненттері өзара үйлесімді байланыста ұсынылып, логикалық бірізділікте баяндалған.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді . Қойылған міндеттердің орындалуы алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін дәлелдейді және вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау, әдістемесін әзірлеу және оның тиімділігін эксперименттік-тәжірибелік жұмыс

		арқылы тексеру бағыттарымен үйлеседі. Зерттеу міндеттері қойылған мақсатты нақтылап, оны толық ашуға мүмкіндік береді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ	Зерттеу жұмысының бөлімдері мен құрылымы өзара толық байланысқан және логикалық жағынан толық үйлесімді. Бөлімдер бір-бірімен сабақтас, мазмұндық бірізділік сақтала отырып берілген. Алынған нәтижелер ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттердің шешілуіне толық бағытталған. Диссертациялық жұмыстың ғылыми-теориялық және тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен және негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен ерекшеленеді. Диссертанттың ғылыми нәтижелерді ұсынудағы дәйектілігі айқын байқалады, зерттеу логикасы диссертация мазмұнында қойылған және жан-жақты ашылған міндеттердің жүйесімен тығыз байланыста жүзеге асуымен анықталады.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор ұсынған жаңа шешімдер креативтілік феноменін білімнің әртүрлі салаларына (философия, психология, когнитивистика, педагогика және т.б.) қатысты үдерістердің синергетикалық өзара әрекеттесуіне негізделіп, креативтілік феномені салааралық деңгейде ұғымдардың байланыс өрісін зерделеу арқылы ашылған. Зерттеуші «креативтілік», «әншілік креативтілік», «болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігі», «вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту» сияқты негізгі ұғымдарды нақтылау барысында ғалымдардың берген анықтамалары мен ғылыми еңбектердегі түсіндірмелерге талдау жасаған. Зерттеудің әдіснамалық негізі плюралистік, итеративті, трансцендентті және партисипативті ғылыми тұғырлардың өзара

			әрекеттесуін дәлелдеумен айқындалған. Диссертацияда вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, оны жүзеге асырудың әдістемесі әзірленген және қажетті педагогикалық шарттар айқындалған. Ұсынылған әдістеме тәжірибеде ғылыми тұрғыдан негізделіп, сандық, сапалық және сыни талдау арқылы тиімділігі дәлелденген. Зерттеуде сыни талдау бар және бұрыннан бар шешімдермен салыстырылып олардың артықшылықтары мен ерекшеліктері бағаланған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу барысында диссертант теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды, жаңа әрі ғылыми негізделген нәтижелерге қол жеткізген. Жұмыста ұсынылған ғылыми қағидалар мен тұжырымдар мазмұны жағынан толығымен жаңа. <i>Бірінші нәтиже</i> толығымен жаңа болып табылады, өйткені зерттеу аясында креативтілік феноменінің концептуалдық негіздері мен оның салааралық контекстегі көріністері кешенді түрде талданып, аталған феномен синергетикалық тұрғыда философия, психология, физиология, педагогика және өзге де ғылым салаларымен өзара тоғысқан көпқырлы үдеріс ретінде негізделген. Зерттеу қорытындысы негізінде креативтілікті әртүрлі білім салаларына (философия, психология, когнитивистика, педагогика) тән үдерістердің синергетикалық өзара әрекеттесуіне сүйенетін, салааралық деңгейдегі ұғымдар жүйесі ретінде тұжырымдалған. Сонымен қатар, креативтілік феноменін сипаттайтын ұғымдық-категориялық аппарат құрылымдалып, оның құрамдас бөліктерін айқындайтын негізгі категориялар мен болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудағы функциялары анықталған. <i>Екінші нәтиже</i> жаңалықтың талаптарына сәйкес келеді, өйткені вокалды оқыту үдерісінде болашақ

		музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытуға қатысты мазмұндық және құрылымдық негіздер айқындалған. Зерттеу барысында «әншілік креативтілік», «болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігі», сондай-ақ «вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту» ұғымдары нақтыланып, шығармашылық үдерістің вокалды оқытудағы қатынастық актілері зерделенген. Сонымен қатар, креативтіліктің тұлғалық-мотивациялық, көркемдік-когнитивтік, перцептивті-рефлексиялық және перформативті-праксиологиялық компоненттері ғылыми тұрғыда сәйкестендірілген. <i>Үшінші нәтиженің</i> жаңалығы – вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудың әдіснамалық негіздері айқындалған. Әдіснамалық негіздер плюралистік, итеративті, трансцендентті және партисипативті ғылыми тұғырлардың өзара әрекеттесуіне сүйенеді және симультанды танымның сукцессивтіліктен басымдылығы, инсайтты ынталандыру, шынайылықтың көрінісін алдын ала көру, детерменизмді жою қажеттілігі, герменевтикалық-экзистенциалдық коммуникация, эмоциялық өзін-өзі түсіну, субъектаралық өзара әрекеттесу синергиясы, дербес шығармашылық талпыныстың жоғары маңыздылығын объективтендіру ұстанымдары сияқты әдіснамалық ұстанымдар белгіленген. <i>Төртінші нәтиже</i> жаңа болып табылады, өйткені вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп, креативтілікті құрайтын компоненттердің өлшемдері (құндылық-интенционалдық, кәсіби-музыкалық, ұйымдастырушылық-коммуникативтік, нәтижелілік-
--	--	---

		қызметтік) мен көрсеткіштері жүйеленген және болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілік деңгейлері – жоғары (интенционалды), жеткілікті (өзін-өзі реттеу), орташа (ықтималды) және төмен (рудиментарлы) – сапалық сипаттамалары бойынша айқындалып, ғылыми тұрғыда сипатталған. <i>Бесінші нәтиже</i> жаңа болып табылады, өйткені вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытуға арналған авторлық әдістеме әзірленіп, «Вокал және әншілік креативтілік» атты элективті курс формасында құрылымдалған. Әдістemenің теориялық негізін айқындайтын педагогикалық шарттар белгіленіп, креативтілікті қалыптастырудағы функционалдық рөлі негізделген және ұсынылған әдістemenің тиімділігі педагогикалық эксперимент барысында тәжірибеге енгізіліп, нәтижелері статистикалық және сапалық талдау арқылы ғылыми тұрғыда дәлелденген.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады және тәжірибелік нәтижелердің өзара сабақтастығына негізделген. Жұмыста тұжырымдалған ұсыныстар мен қорытындылардың жаңалығы олардың заманауи педагогикалық ғылым талаптарына, салааралық зерттеу контекстіне және креативтілікті дамыту теорияларының соңғы жетістіктеріне сәйкестігімен айқындалады. Зерттеу барысында алынған нәтижелердің сенімділігі әдіснамалық негіздеменің жүйелілігімен, теориялық пайымдаулардың эмпирикалық деректермен үйлесімділігін қамтамасыз ететін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың толықтығымен дәлелденеді. Диссертация қорытындыларының нақтылық дәрежесі біріншіден, вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін

			дамыту бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың ұйымдастырылуымен екіншіден, алынған деректердің сандық және сапалық талдау нәтижелерінің бірізділігімен үшіншіден, ізденушінің жеке педагогикалық тәжірибесінің зерттеу нысанымен тікелей байланыстылығымен расталады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ізденуші ұсынған зерттеу жұмысының ғылыми-теориялық және тәжірибелік негіздері жаңа әрі ғылыми тұрғыда негізделген. Негізгі тұжырымдар мен қағидалар оқу үдерісіне енгізу актілерімен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелерімен, статистикалық және сапалық талдау қорытындыларымен, сондай-ақ автордың ғылыми жарияланымдарымен дәлелденген. Алынған нәтижелердің нақтылығы мен сенімділігі зерттеудің әдіснамалық негіздемесінің жүйелілігімен, теориялық қағидалардың эмпирикалық деректермен үйлесімділігімен және практикалық тиімділігін көрсеткен педагогикалық тәжірибелермен расталады. Зерттеу шеңберінде ұсынылған техникалық, технологиялық, экономикалық және басқарушылық сипаттағы шешімдер заманауи педагогикалық ғылым мен салааралық зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытуға бағытталған инновациялық тәсілдерді жүйелі талдау арқылы айқындалады және оқу үдерісіне енгізу барысында алынған оң нәтижелермен дәлелденіп, білім беру жүйесінде басқару үдерістерін оңтайландыруға, оқыту технологияларын жетілдіруге және шығармашылық әлеуетті арттыруға ықпал ететіні анықталады және толығымен жаңа болып табылады.
6.	Негізгі қорытындылард	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми	Зерттеу барысында алынған барлық қорытындылар ғылыми

	ың негізділігі	тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	тұрғыдан ауқымды дәлелдемелермен негізделген және олардың нақтылығы математикалық-статистикалық өңдеу әдістері арқылы сенімді түрде расталған. Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған нәтижелердің негізділігі мен шынайылығы, ең алдымен, зерттеудің әдіснамалық базасының мемлекеттік бағдарламалар, заңнамалық-нормативтік құжаттар және заманауи ғылыми теориялармен сабақтастығына сүйенуімен, зерттеліп отырған ғылыми мәселенің теориялық тұрғыда зерттелу деңгейін анықтаумен, сондай-ақ түрлі ғылым салалардағы ғылыми-практикалық ой-тұжырымдарды кешенді талдау арқылы қамтамасыз етіледі. Алынған нәтижелер вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудың теориялық негіздерін тереңдетіп, педагогикалық тәжірибеде қолдануға мүмкіндік беретін құнды ғылыми-әдістемелік материал болып табылады. Зерттеу қорытындылары оқу үдерісіне енгізу барысында алынған оң көрсеткіштермен дәлелденеді және негізгі нәтижелер 8 ғылыми-әдістемелік жарияланымда көрініс табады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әр ереже бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u>. 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u>	Н.Т. Кулдановтың диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға ұсынылған бес қағидатты атап өтуге болады: 1) Білімнің әртүрлі салаларына (философия, психология, когнитивистика, педагогика) қатысты үдерістердің синергетикалық өзара әрекеттесуіне негізделген креативтілік феномені салааралық деңгейдегі ұғымдардың байланыс саласы ретінде тұжырымдалып дәлелденген, тривиалды емес, зерттеу пәні туралы жаңа білімді ұсынады, алдағы уақытта қолдану ауқымы кең және бұл «Концептосфера понятия креативность в музыкальном образовании» (Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Педагогические науки. – 2020. – № 4 (68).–С.55-62) және «Ғылыми

		7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>иә</u>; 2) жоқ	зерттеулердегі «креативтілік» және «шығармашылық» ұғымдарының мәні» («Қазақстанның ғылымы мен өмірі». – 2020. – № 7/2. – Б. 157-161) атты мақалаларда көрініс тапқан. 2) «әншілік креативтілік», «болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігі», «вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту» мазмұны мен құрылымы нақтыланып дәлелденген, тривиалды емес, зерттеу пәні туралы жаңа білімді ұсынады, алдағы уақытта қолдану ауқымы кең және бұл «К проблеме развития креативности бакалавров музыкально-педагогического образования (аспект вокального обучения)» (Педагогика и психология. – 2020. – № 2(43). – С.97-104) атты мақаласында көрініс тапқан. 3) Вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудың әдіснамалық негізі плюралистік, итеративті, трансцендентті және партисипативті ғылыми тұғырлардың өзара әрекеттесуі болып табылатыны дәлелденген, тривиалды емес, зерттеу пәні туралы жаңа білімді ұсынады, алдағы уақытта қолдану ауқымы кең және бұл «A current view of the development of creativity in music education: basic approaches and principles» (Pedagogical Sciences: theory, history, innovative technologies: a scientific journal / The Ministry of Education and Science of Ukraine, Sumy State Pedagogical University named after A. S. Makarenko. – 2023. – №3 (127). – P. 450-465) атты мақаласында көрініс тапқан. 4) Вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасалып, онда тұлғалық-мотивациялық, көркемдік-когнитивтік, перцептивті-рефлексиялық және перформативті-праксиологиялық компоненттер басшылыққа алынып дәлелденген, тривиалды емес,
--	--	--	---

			зерттеу пәні туралы жаңа білімді ұсынады, алдағы уақытта қолдану ауқымы кең және бұл «Essence and structure of creativity of future bachelors of music education» (Bulletin of Abai KazNPU «Pedagogical Sciences» Series. – 2023. – №2 (78). – P. 51-61) атты мақаласында көрініс тапқан. 5) Вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудың әдістемесі даярланып, негізгі әдістер сәйкестендіріліп, тиімділігі тәжірибелік эксперименттік жұмыстарда дәлелденген, тривиалды емес, зерттеу пәні туралы жаңа білімді ұсынады, алдағы уақытта қолдану ауқымы кең және бұл «Problem learning method in the context of personal creativity development of a musician teacher» (Pedagogy and Psychology. – 2021. – № 1(46). – P. 152-158) және «The Use of Data-Based Emotion Recognition Systems for the Development of Emotional and Musical Creativity in Vocal Students» (Journal of Educational Computing Research. https://doi.org/10.1177/07356331251336648) және «Psychosocial Foundations for Pedagogical Skills Formation of Future Specialists in the Special Educational Environment» (Journal of Intellectual Disability - Diagnosis and Treatment. – 2020. – Vol. 8, № 3. – P. 485-496) атты мақалаларда көрініс тапқан. Жалпы, зерттеу нәтижелері автордың 8 ғылыми жарияланымында көрініс тапқан. Оның ішінде 2 мақала Web of Science және Scopus базаларына кіретін ғылыми журналдарда, 5 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала шет елдік ғылыми басылымда жарияланған.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың	8.1 Әдіснаманы таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>иә</u> ;	Диссертациялық жұмыстың мазмұны материалдардың дәйектілік қағидатына, сондай-ақ дереккөздер мен ұсынылған мәліметтердің нақтылығына сүйенеді. Зерттеу

	дәйектілігі	2) жоқ	проблемасының теориялық және әдіснамалық негізін вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытуға бағытталған плюралистік, итеративті, трансцендентті және партисипативті ғылыми тұғырлардың кешені құрайды. Зерттеу барысында таңдалған әдістер дұрыс таңдалып, ғылыми негізделіп айқындалған және олардың тиімділігі дәлелденген.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ		Диссертациялық зерттеу нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдана отырып, қазіргі заманғы ғылыми әдістер мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелері негізінде алынған. Зерттеу үдерісінде сауалнама, фокус-топтық сұхбат, тестілеу, талдау, контент-талдау, семантикалық қашықтықты анықтау, өзін-өзі бағалау, пилоттық сауалнама, жартылай құрылымдалған сұхбат, бақылау, сапаның көріну коэффициенттерін есептеу, кездесу жиілігін анықтау және т.б. әдістер қолданылған. Эксперимент нәтижелерінің айырмашылықтарының статистикалық маңыздылығын бағалау үшін Р. Фишердің бұрыштық түрлендіру формуласы пайдаланылған. Жүйеленген деректер компьютерлік технологиялардың көмегімен диаграммалар түрінде көрнекілендірілген, статистикалық талдаудың нәтижелері Р. Фишердің маңыздылық осінде көрсетіліп берілген.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық		Зерттеу жұмысында мақсаттық-тұжырымдамалық, әдіснамалық-теориялық қамтамасыз ету, әдістемелік-ұйымдастырушылық және нәтижелілік блоктардан тұратын вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытуға арналған құрылымдық-мазмұндық модель ұсынылған және оның тиімді жүзеге асырылуына ықпал ететін педагогикалық шарттар анықталып, жүйеленген. Зерттеудің теориялық тұжырымдары Абай атындағы Қазақ

		эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ	ұлттық педагогикалық университетінің базасында жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеріліп дәлелденген және оқу үдерісіне зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу актісімен расталған және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың қорытындылары вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігінің дамуының оң өзгерістер динамикасын көрсетеді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Зерттеуде ұсынылған маңызды тұжырымдар Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттарына, отандық және алыс-жақын шетелдік ғалымдардың еңбектеріне, оқу-әдістемелік құралдарға, монографияларға, сөздіктер мен анықтамалықтарға, әдістемелік нұсқаулықтарға сүйене отырып негізделген және маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған . Сондай-ақ тұжырымдарды дәйектеу барысында Scopus және Web of Science деректер қорына енген журналдарда, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарық көрген ғылыми мақалаларға сілтемелер жасалған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер әдеби шолуға жеткілікті және олар ғылыми, оқу, мерзімді, заңнамалық-нормативтік, құжаттық, электрондық және өзге де дереккөздердің толыққанды ауқымын қамтиды. Олардың ішінде мазмұны бойынша қажетті және ғылыми тұрғыда сенімді деп танылған 243 пайдаланылған әдебиеттер санын құрайды.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жоқ	Зерттеудің теориялық маңыздылығы бар және ол болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту мәселесін вокалды оқыту үдерісі аясында кешенді түрде қарастыру арқылы айқындалған. Зерттеуде «әншілік креативтілік», «болашақ музыкалық

		білім бакалаврларының креативтілігі» және «вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту» ұғымдарының мазмұны мен құрылымы нақтыланған. Сондай-ақ, креативтілікті дамытудың өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері негізделген. Зерттеу нәтижесінде мақсаттық-тұжырымдамалық, әдіснамалық-теориялық қамтамасыз ету, әдістемелік-ұйымдастырушылық және нәтижелілік блоктардан тұратын құрылымдық-мазмұндық модель жасалып, оның теориялық негіздері айқындалған. Модельді әзірлеу барысында оны іске асыруға қажетті педагогикалық шарттар анықталып, әдістеме ұсынылған. Аталған тұжырымдар мен әдістемелік шешімдер зерттеудің теориялық құндылығының жоғары екенін дәлелдейді.
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u>	Зерттеудің практикалық маңыздылығы бар және ол вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытуды әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етумен айқындалады. Практикалық тұрғыда жүзеге асыру мақсатында ізденуші «Музыкалық білім» білім беру бағдарламасының студенттеріне арналған «Вокал және әншілік креативтілік» атты элективті курсты әзірлеп, оны Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде 6B01402 – «Музыкалық білім» білім беру бағдарламасының оқу жоспарына енгізіп, тәжірибелік сынақтан өткізген. Зерттеуден алынған нәтижелер жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде, атап айтқанда, болашақ музыкалық білім бакалаврларын даярлау барысында кеңінен қолдануға әлеуетті және мүмкіндігі жоғары болып табылады.
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа болып</u>	Зерттеу аясында ұсынылған практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Әсіресе, автор әзірлеп, тәжірибелік-эксперименттік сынақтан өткізген «Вокал және әншілік креативтілік» атты элективті курс

		табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	бағдарламасы, вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі және әзірленген әдістеме педагогикалық тәжірибеде қолдануға ұсынылады. Зерттеуде берілген педагогикалық және орындаушылық тапсырмалардың мазмұны мен құрылымы жоғары оқу орны деңгейінде тиімді жүзеге асырылатынын дәлелдейді. Зерттеу материалдары болашақ музыка мұғалімдерін даярлайтын жоғары оқу орындарында, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесінде қолдануға болады. Сонымен қатар, алынған нәтижелер болашақ музыкалық білім бакалаврларын даярлау саласында жаңа ғылыми зерттеулер жүргізуге негіз бола алады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары . Жұмыстың құрылымы мен мазмұны ғылыми зерттеулерге қойылатын белгіленген талаптарға толық сәйкес келеді. Зерттеу мәтінінде негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті көлемде және мазмұндық тұрғыда дәйекті түрде ұсынылған.
11	Диссертацияға ескертулер	Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс мазмұны мен құрылымы жағынан сауатты дайындалған. Зерттеу логикасы сақталып, материалдың берілуі ғылыми стиль талаптарына сәйкес келеді. Дегенмен, келесідей ұсыныстарды айтуға болады: 1. Диссертацияның 2.1 тараушасында әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар қатары талданады. Алайда субъект аралық өзара әрекеттесу синергиясы ұстанымы маңызды болғандықтан, зерттеудегі бұл ұстанымның атқаратын қызметінің толық мүмкіндіктерін қарастыру керек еді. 2. Эксперименттік жұмыс барысында зерттеу жүргізіліп отырған феноменнің құрылымындағы жекелеген компоненттерін өлшеуде пайдаланылған математикалық өңдеу әдістерін қолдану барысы диссертацияда нақтылауды қажет етеді. 3. Зерттеу жұмысының қалыптастыру экспериментінде «Вокал және әншілік креативтілік» элективті курсының мазмұны бірнеше модульдерді қамту бойынша жүргізіледі. Бұл тұста семинар сабағы мен дәріс сабақтарының арнайы заманауи жоспарын құрылымдап, үлгілерін көрсеткенде, жұмыстың	

		құндылығы артуы мүмкін, сондай-ақ, ол үлгілер ЖОО үшін жақсы құралдың бірі болар еді. Жоғарыда айтылған ұсыныстар жұмыстың жалпы ғылыми құндылығына елеулі әсер етпейді.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Н.Т. Кулданов диссертацияны орындау аясында алған негізгі нәтижелер философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындалатын жұмыстарға қойылатын жариялау талаптарына сәйкес, тиісті ғылыми журналдар мен басылымдарда жарық көрген. Жарияланған мақалалардың мазмұны диссертация тақырыбынан ауытқымайды.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Шешім: Кулданов Наурыз Талгатовичтің «Вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының ғылыми құндылығы мен ғылыми жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы жоғары және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары мен «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарға сәйкес орындалған және толық аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы ретінде оң бағаланады. Кулданов Наурыз Талгатович 8D01401 «Музыкалық білім»/8D01402 «Музыкалық орындаушылық және педагогика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Рецензент:

Педагогика ғылымдарының докторы,

Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті,

«Психология» кафедрасының профессоры

К.М. Нагымжанова

